



## **Қазақстан Республикасы астанасының тұсаукесері құрметіне арналған "Астана" Естелік медалі туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1998 жылғы 2 маусымдағы N 3963.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуына, Қазақстанның жаңа астанасын абаттандыру мен оның құрылысына елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтарын көтермелеу мақсатында және Астана қаласының Қазақстан Республикасының астанасы ретіндегі ресми тұсаукесерінің құрметіне қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы астанасының тұсаукесері құрметіне арналған "Астана" Естелік медалі тағайындалсын.

2. Мыналар бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасы астанасының тұсаукесері құрметіне арналған "Астана" Естелік медалі туралы ереже (қоса беріліп отыр).

2) Қазақстан Республикасы астанасының тұсаукесері құрметіне арналған "Астана" Естелік медалінің сипаттамасы (қоса беріліп отыр).

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Республиканың қажеттігіне қарай естелік медальдарды жасап шығару үшін қаражат бөлсін.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1998 жылғы 2 маусымдағы  
N 3963 Жарлығымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы астанасының тұсаукесері құрметіне арналған "Астана" Естелік медалі туралы ЕРЕЖЕ**

1. Қазақстан Республикасы астанасының тұсаукесері құрметіне арналған "Астана" Естелік медалімен (бұдан былай - Естелік медаль) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуына, Қазақстанның астанасын абаттандыру мен оның құрылысына елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары наградталады.

2. Естелік медальмен наградтауға ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Президентіне Үкімет, министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар, шығармашылық одақтар мен басқа да ұйымдар енгізеді.

3. Естелік медальді Қазақстан Республикасының Президенті тапсырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің атынан және оның тапсыруы бойынша Естелік медальді, сондай-ақ:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы;

2) Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, сондай-ақ Мемлекет басшысы осыған уәкілдік берген басқа да лауазымды тұлғалар тапсыра алады.

4. Естелік медальді тапсыру салтанатты жағдайда және жариялы жүргізіледі. Ол наградталушының жеке өзіне тапсырылады. Естелік медаль тапсырылар алдында Қазақстан Республикасы Президентінің наградтау туралы Жарлығы жария етіледі.

5. Естелік медаль тапсырылғаны туралы тапсыру хаттамасы (хаттама нысанын президент Әкімшілігі белгілейді) жасалып, ол награда тапсырған адамның қойған қолымен, тапсырған органның мөрімен бекітіледі, содан кейін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жіберіледі.

6. Қазақстан Республикасы астанасының тұсаукесері құрметіне арналған "Астана" Естелік медалі омыраудың сол жағына тағылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградлары бар болған жағдайда, Естелік медаль солардан кейін орналасады.

7. Әрбір наградталған адамға Естелік медальді тапсырумен бірге медальға куәлік беріледі, ол тапсыру жасалған жерде толтырылады.

8. Жасалған наградтау есебін, сондай-ақ Естелік медальдардың тапсырылуы туралы есептілікті Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүргізеді.

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1998 жылғы 2 маусымдағы  
N 3963 Жарлығымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы астанасының тұсаукесері құрметіне арналған "Астана" Естелік медалінің сипаттамасы**

Қазақстан Республикасы астанасының тұсаукесері құрметіне арналған "Астана" Естелік медалі диаметрі 34 мм болатын шеңбер пішіндес нысанды болып келеді. Медальдің бет жағында Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясы бейнеленген. Оның аясында сол жақта Қазақстан Республикасы Парламентінің үйі, оң жағында - биік ғимарат сұлбасы бар. Естелік медальдің жоғарғы жағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік туындағы күннің бір үзгісі, күннің

астында "Қазақстан" жазуы бедерленген. Медальдің төменгі жағында түрік өрнегіндегі шрифтпен орындалған "Астана" жазуы бар. Жазудың астында ұлттық ою кескіленген.

Медальдің сыртқы бетінде орта шенде мифологиялық қанатты барыс бейнеленген. Оның астында "1998" деген дата ойылып жазылған. Айнала жиегінде жұлдызшалармен бөлінген "СТОЛИЦА", "АСТАНА", "CAPITAL" жазулары орналасқан.

Медаль томпақтан жасалған.

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы бесбұрыш нысанындағы тағанмен ұштасады. Тағанның биіктігі - 50 мм, ең үлкен ені - 50 мм. тағанның төменгі сол жағы - қызыл түсті, жоғарғы оң жағы - Қазақстан Республикасының туымен түстес таспамен көмкерілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК